

## «ФАРАБИ ӘЛЕМІ»



**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да биыл I Халықаралық Фараби оқулары аясында «Фараби әлемі» тақырыбында өткен студенттер мен жас ғалымдардың жыл сайынғы халықаралық ғылыми конференциясы қорытындыланды. Конференция жеңімпаздарын Қазақстанның жетекші ЖОО-ларының ректорлары марапаттады.**

Конференцияға АҚШ, Германия, Жапония, Түркия, Үндістан, Қазақстан және ТМД-ның басқа да елдерінен 5 мыңнан аса студент пен магистранттар қатысты. Олардың арасында 45 қатысушы және студенттік бизнес инкубаторлар инновациялық жобалары байқауының 9 жеңімпазы дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Жүлделерді жеңімпаздарға ҚазҰУ базасында өткен ҚР ЖОО Консорциумының отырысына қатысқан университет басшылары: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры

Ғ. Мұтанов, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ ректоры Е. Сыдықов, ҚазМЗУ ректоры М. Нәрікбаев, ҚазҰАУ ректоры Т. Есполов, ХБА президенті А.Қожахметов, КИМЭП президенті Ч.Бэнг, сондай-ақ ҚБТУ проректоры Р. Торғаев табыс етті.

«Ғылыми қызметте жетістікке жету үшін білімді болу жеткіліксіз, бұл салада тапқыр болу өте үлкен маңызға ие. Ел игілігіне асатын идеяларды жүзеге асыру үшін қателесуден немесе сәтсіздіктен қорықпау керек, идеяларды шындыққа айналдыру үшін тәжірибе жасап көру қажет», – дейді конференция қатысушыларына өзінің тілегін жеткізген Халықаралық бизнес академиясының президенті Асылбек Қожахметов.

Жалғасы 2-бетте

## «ЖАСЫЛ КӨПІР ҰРПАҚТАН-ҰРПАҚҚА»

**10-11 сәуір аралығында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Фараби оқулары аясында «Жасыл көпір ұрпақтан-ұрпаққа» IV Халықаралық студенттік форумы өтті. Биыл форум төртінші рет XXI ғасырдағы қалыпты дамудың маңызды қырларын талқылау, «жасыл экономика» бойынша ғылыми жобаларды таныстыру, ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жаһандық энергия-экологиялық стратегиясы мен «Жасыл көпір» бастамасын қолдау бағытындағы ой-пікірлерін ортаға салу мақсатында Қазақстан және алыс-жақын шетел жастарының басын қосты.**

Форумға Солтүстік және Орталық Азия үшін, Тынық мұхиты және Азия елдерінің Экономикалық және әлеуметтік комиссиясының аймақаралық бөлімінің басшысы Н.Помощников, «Адам және биосфера» Ұлттық комитетінің төрағасы Р. Яценко, «Су ресурстарын бірігіп басқару» халықаралық білім беру бағдарламасының координаторы Б. Януш-Павлетта, Орталық Азияның Аймақтық экологиялық орталығының техникалық директоры Б. Мор, Алматы қаласы бойынша экология департаментінің директоры О. Аққозиев, «Жасыл көпір ұрпақтан-ұрпаққа» Халықаралық ЖОО консорциумы, қоғамдық бірлестік пен мемлекеттік ұйым өкілдері, жастар саясаты жөніндегі сарапшылар мен мамандар, Ресей, Белоруссия, Әзірбайжан, Тәжікстан, Өзбекстан, Украина, Қазақстан, Қырғызстан және басқа елдердің студенттік және жастар ұйымдары қатысты. Қатысушылар XXI ғасырдағы тұрақты дамудың маңызды аспектілерін талқылады.

«Жасыл экономика» бағытына студенттерді жұмылдыру және экологиялық белсенділікті арттыруда жастар ұйымдарымен тәжірибе алмасу арқылы нәтижелі жұмыстар атқару мақсатын көздеген форум «Жасыл» университеттерді дамытудағы студенттік ұйымдардың рөлі; «Заманауи университеттердегі «жасыл» білім: шынайылық



пен кемелділік»; «Әлеуметтік жобалар: тұрақты дамудағы студенттер белсенділігін арттыру»; «Тренинг: «Экологиялық жобалар мен бастамаларды көтеру және жүзеге асыру» бағыттарында жүргізілді.

Жалғасы 2-бетте

БҮГІНГІ САНДА:

БҮГІНГІ САНДА:

БҮГІНГІ САНДА:

ИГІ ІС  
ЖАЛҒАСЫН  
ТАБУДА



2-стр.

СТУДЕНТТЕР МЕКТЕП  
ОҚУШЫЛАРЫМЕН  
КЕЗДЕСП



5-бет

ҚОС БАЙҚАУ ЖАС ЖҮРЕКKE  
ҰШҚЫН БОЛЫП ҰЯЛАП,  
ЖАЛЫНДАЙ ЛАУЛАДЫ



8-бет



# ИГІ ІС ЖАЛҒАСЫН ТАБУДА

*Талапты тәлімгерлерге терең білім әрі тәлімді тәрбиемен қатар әлеуметтік қолдау білдіру – ҚазҰУ-да берік орныққан қағида. Атаулы шәкіртақылар оқуда озат, ғылымда зерек, қоғамда белсенді әрі әлеуметтік жағдайы төмен студенттерге әрбір ректорат отырысында табысталады. Бүгінде игі істің жандануына университет тұлғалары мен оқытушылары белсене атсалысып, қаржылық қолдау танытуда. Кешегі жиында бас қосқан ОПҚ құрамы осындай жарқын сәтке тағы да куә болды.*

Алғашқы болып сөз алған биофизика және биомедицина кафедрасының меңгерушісі Сұлтан Төлеуханұлы белгілі кафедра тұлғаларының шәкіртақы табыстау үшін арнайы жиналып отырғанын жеткізді. «Біз жастарға бүгін көмектессек, жақсы үлгі, тәрбие берсек, ертеңгі күніміздің, болашағымыздың бұдан да жарқын боларына сенеміз», – деді ол. танымал тұлғалар – Адам және жануарлар физиологиясы ҒЗИ директоры, ҰҒА академигі Қабдырахман Дүйсембин, «ЭкоМед» биоорталығының бас директоры, б.ғ.д., профессор Салтанат Байқошқарова, Адам және жануарлар физиологиясы ҒЗИ бас ғылыми қызметкері, б.ғ.д., профессор

Майра Мырзахметова, Адам және жануарлар физиологиясы ҒЗИ бас ғылыми қызметкері, б.ғ.д., профессор Елзада Ғабдуллина мен биофизика және биомедицина кафедрасы меңгерушісі С.С. Төлеуханов, кафедраның оқу-әдістемелік және тәрбие жөніндегі орынбасары, доцент Нұржанат Абылайхановалар жалпы сомасы 1млн. 105 мыңды құрайтын шәкіртақыларды тағайындап, салтанатты түрде ұсынды.

Сондай-ақ заң факультетінің деканы Дәулет Байделдинов, дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының меңгерушісі Қалқаман Жұмағұлов, Аударма теориясы мен әдістемесі кафедрасының меңгерушісі



Әнуар Тарақов, картография және геоинформатика кафедрасының меңгерушісі Хайни-Камал Қасымқанова, молекулалық биология және генетика кафедрасының меңгерушісі Зәуре Айташевалар арнайы ұйымдар мен факультет, кафедра атынан шәкіртақылар табыстады.

Жүрекерге жылу сыйлап, көпшілікті ризашылыққа бөлеген жалпы сомасы 2 млн-нан асатын шәкіртақы 30-дан

астам студентке табысталды. Ректор Ғалым Мұтанұлының бастамасымен қолға алынып, жалғасын тауып келе жатқан игі дәстүр көптеген студенттерді қанаттандырып, жетістіктерге жетелері сөзсіз.

Мәжілісте сонымен қатар 2-12 сәуір аралығында өткен І Халықаралық Фараби оқуларының қорытындылары кеңінен талқыланып, ұсыныстар енгізілді.

Әйгерім ӘУЕЗХАН

## СВЯЗАНЫ ОДНОЙ ЦЕЛЬЮ

*В КазНУ им. аль-Фараби состоялось заседание Консорциума вузов РК по обсуждению актуальных вопросов высшего образования.*

В мероприятии приняли участие руководители КазНУ им. аль-Фараби Г.Мутанов, ЕНУ им. Л.Н.Гумилева Е.Сыдыков, КазГЮУ М.Нарикбаев, КазНАУ Т.Есполов, МАБ А.Кожаметов, КИМЭП Ч.Бэнг, проректор КБТУ Р.Торгаев, главный юридический советник Назарбаев Университета Е.Кусаин. На заседании были обсуждены вопросы разработки проекта программы по повышению конкурентоспособности вузов Казахстана, нормативного акта регламентирующего нормы академической независимости высших учебных заведений, подготовки и

проведения совместных мероприятий Консорциума, направленных на развитие научно-образовательных процессов в республике. Также на встрече принято решение об участии всех вузов-учредителей Консорциума в III форуме Азиатских университетов «Евразийское разнообразие и роль университетов для устойчивого развития», который пройдет 21-23 мая в рамках VII Астанинского экономического форума и празднования 80-летия КазНУ им. аль-Фараби.

Пресс-служба КазНУ

Жалғасы. Басы 1-бетте

## «ЖАСЫЛ КӨПІР ҰРПАҚТАН-ҰРПАҚҚА»

«Еске саламын, «Рио+20» саммитінің басты қорытындысының бірі – елдердің қалыпты дамуды саяси ұстануы дәлелдене түсті. Сондай-ақ қазіргі және келер ұрпақтың экономикалық, әлеуметтік және экологиялық қалыпты болашағына қол жеткізу үшін қалыпты дамудың үш – экономикалық, әлеуметтік және экологиялық құрамдас бөліктері барлық деңгейде біріктірілуі тиістігі мойындалды. Форум жастардың, ғылыми және академиялық қоғамның әлеуетін толықтай біріктіре отырып, осы міндеттерді жүзеге асыруға лайықты үлесін қосуға мүмкіндік береріне сенемін», – деп атап өтті Солтүстік және Орталық Азия үшін, Тынық мұхиты және Азия елдерінің Экономикалық және әлеуметтік комиссиясының аймақаралық бөлімі басшысы Н. Помощников.

«ҚазҰУ көптеген заманауи мәселені шешу жұмысына белсенді қатысып келеді. Әлемдік қоғам алдында барлық жауапкершілікті сезіне отырып, біз жастарды «Жасыл көпір ұрпақтан-ұрпаққа» еуразиялық тұғырнамасы негізінде бастама білдіруге, қалыпты даму идеясын жандандыруға қатысуға шақырамыз», – деді сөйлеген сөзінде ҚазҰУ-дың география және табиғатты пайдалану факультетінің магистранты Әсем Тахамбетова.

2012 жылы ТМД университеттері ішінде жалғыз әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Бразилияда өткен БҰҰ-ның «РИО+20» жаһандық саммитінде арнайы секциясын

ашқанын айтуымыз керек. Университет Елбасының «Энерго-экологиялық дамудың жаһандық стратегиясы» жөніндегі «Жасыл көпір» бастамаларын қолдап отырып, «Жасыл көпір ұрпақтан-ұрпаққа» жобасын таныстырды. Биыл ҚазҰУ БҰҰ-ның «Академиялық ықпал» (UNAI) бағдарламасы бойынша Жаһандық хабын басқарды. Осы жылдың мамыр айында ҚазҰУ VII Халықаралық Астана экономикалық форумы аясында Астана және Алматыда UNAI жаһандық хабының ірі жобаларының бірі – «Еуразиялық алуантүрлілік және қалыптасудағы университеттердің рөлі» атты III Халықаралық Азия университеттері ректорларының форумын өткізді.

Университетте «Global Classroom» халықаралық бағдарламасы үш жылдан астам уақыт бойы белсенді қызмет етуде. Сонымен қатар ЮНЕСКО қолдауымен қалыпты даму бойынша аймақтық хаб құру, «Green Campus», «Smart universities» және басқа серпінді инновациялық жобалар жүзеге асуда.

Форум қатысушылары инновациялық жобалар көрмесіне ерекше қызығушылық танытты. Онда студенттер «Көпдәрежелі паркинг желісі», «SMART - жаяу жүруші», «Аса тиімді жел энергетикалық құрылғы», «Биосабын», «Велосити», «Жинақы көпқабатты жел электрстанциясы», «Ауыз суды ауыр металл иондарынан тазартуға арналған сорбенттер» және басқа зерттемелерін таныстырды.

Дина МҰРАТҚЫЗЫ

Жалғасы. Басы 1-бетте

## «ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

Конференция студенттердің ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық қырларын ашып, дамытуға бағытталған. Жас ғалымдарды заманауи ғылыми мәселелерді шешуге қатыстырып, шығармашылық қабілеттерінің ашылуына демеу болу да ғылыми жиынның басты мақсаты еді. Сонымен қатар талантты әрі дарынды студенттерді анықтап, жастардың интеллектуалды әлеуетін дамытуға да негізделді.

Конференция аясында бірнеше күн бойы 100 секция жұмыс істеп, оларда

тоериялық, эсперименталды және қолданбалы сипатта ғылымның түрлі салаларында баяндамалар, ғылыми ашылымдар қарастырылды. Ашық есіктер ұйымдастырылып, көрнекті ғалымдармен кездесулер, интеллектуалды ойындар, дөңгелек үстелдер, ғылыми пікірталастар, шеберлік сыныптары, шешендік өнер сайыстары, студенттік бизнес-инкубаторлардың үздік инновациялық жобаларының көрмелері және басқа да ірі көлемде іс-шаралар орын алды.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

## ЛИДЕР СРЕДИ ИЗДАТЕЛЬСТВ

*Издательство КазНУ им. аль-Фараби «Қазақ университеті» стало лидером в номинации «ТОП-10 издательств по числу выпущенных названий» в рейтинге Книжной палаты РК 2013 года.*



Издав в прошлом году 347 наименований книжной продукции и выйдя на первое место, «Қазақ университеті» обошло такие

известные издательские дома, как «Алматыкітап баспасы», «Мектеп», «Атамұра».

«Наше издательство является не только производственным предприятием, но и базой практики для студентов факультета журналистики. Руководство университета оказывает нам огромное внимание и поддержку, создавая условия для эффективной работы. Издательству было предоставлено новое помещение площадью более 1000 кв.м. и приобретено современное высокотехнологическое оборудование, что позволило увеличить мощность типографии на 300%», – отметил директор издательства Алмаз Асан.

Соб. корр.

ҚазҰУ-да білім және ғылым салаларының өзекті мәселелерін талдау бойынша ҚР ЖОО Консорциумының отырысы өтті



# ЛОГИСТИКА ҒЫЛЫМИ ҮЙІРМЕСІ

*Логистика – біздің елімізде қарқынды дамып келе жатқан жаңа салалардың бірі. Логистиканы қолдану кәсіпорынға көптеген жеңілдіктер алып келеді, атап айтқанда, уақытты үнемдеуге, шығынды азайтуға, ақпарат алу үрдісін жеделдетуге, қызмет көрсету деңгейін жоғарылатуға мүмкіндік береді. Қазақстанның экономикасы, оның ішінде шетелдермен сауда, экспорт және импорт күннен-күнге дамып келеді. Сондықтан логистика саласын дамытуға көп көңіл бөлінуде. Логистика орталықтарын салу жұмыстары, «логист» мамандарын дайындау жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр. Логистика мамандығына дайындау 2011 жылдан бастап енгізілді. Мамандарды дайындау қазақ және орыс тілдерінде жүргізілуде. 2011-2012 оқу жылында осы мамандық бойынша 23 студент қабылданды, оның ішінде 20 студент грант иегері, 3 студент келісімшарт негізінде; 2012-2013 оқу жылында 45 студент қабылданып, 39 студент грант иегері болса, 6 студент келісімшарт негізінде қабылданды. Көріп отырғанымыздай, логистика мамандығының маңыздылық дәрежесі жыл санап артып келеді. Бөлінетін грант мөлшері де, қызығушылық танытып, осы саланы өмірлік мамандығы ретінде тандаған студенттер саны да көбейуде. Логистикаға байланысты көптеген форумдар, конференциялар, жобалар, олимпиадалар өткізіліп жатыр.*

Логистиканы әрі қарай дамыту үшін, жетілдіру үшін, бұл саланың маңыздылық дәрежесін студенттерге жеткізу үшін Қазақ ұлттық университетінде экономика және бизнес жоғарғы мектебінің «маркетинг және менеджмент» кафедрасында «Логистика» үйірмесі ашылды. Бұл үйірменің басты мақсаты – студенттердің ғылымға, ғылыми жұмыстарға қызығушылығын арттыру, мақалалар

жазуға, жобалар жасауға үйрету. Үйірменің әр қатысушысы белсенділік танытып, өзін жақсы қырынан көрсетуге, тәжірибесі мол білікті мамандармен дөңгелек үстелбасында кездесіп, көкейінде жүрген сұрақтарға жауап алуға мүмкіндік алады. Онда әр қатысушы қазіргі таңдағы өзекті мәселелерді шешу жолдарын ұсынып, жақсы идеялар талқыланады. Ең үздік идеяның иесі өзінің жобасын

форумдарда, конференцияларда ұсынуға мүмкіндік алады.

Үйірме студенттері «ENACTUS» атты халықаралық ұйымның жобасына қатысады. Бұл ұйымның түпкі мақсаты – жастар арасында кәсіпкерлікті дамыту. Осы жобаның бірінші кезеңі – Қазақстан Чемпионаты 22 сәуір күні Астана қаласында өтеді. Әр елдің жеңімпаздары күзде Қытай Халық Республикасында «ENACTUS» атты халықаралық ұйымының ұйымдастыруымен өтетін финалға қатысуға жолдама алады.

Үйірме студенттік өмірін қызықты өткізгісі келетін, өзін шығармашылық жағынан дамытып, кәсіби біліктілігін арттырғысы келетін әр студентке көптеген мүмкіндіктер ұсынады. Қатысам деуші әр студентке ұйым есігі ашық.

**Сәбит ТАСЖАРҒАНОВ,**  
«Менеджмент және маркетинг»  
кафедрасының оқытушысы, үйірме  
жетекшісі

# Тағылымдама табысты өтті

*Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың студент жастар мен жас ғалымдарға деген қамқорлығының нақты дәлелі - Болашақ халықаралық бағдарламасы бойынша алыс-жақын шетелдердегі беделді жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтарға оқуға, іс-тәжірибелер алмасуға мемлекеттік грант пен шәкірақы беру арқылы дарынды жастарды жіберуі.*

Бір топ қазақстандық жас ғалымдар ретінде іріктеу сынақтарынан кейін, Болашақ шәкіртақысына қол жеткізіп, Ұлыбританиядағы Рединг университетінде ғылыми тағылымдамадан өту үшін барғанымыз кеше болғандай есімізде. Біз Алматы-Хитроу бағыты бойынша Ұлыбританияның ірі әуежайларының біріне қонып, тағылымдама өтетін Рединг қаласына қалааралық автобуспен жол тартқанбыз. Ғылыми тағылымдама «Педагогикалық диагностика, білім сапасын бақылау мен басқару» мамандығы бойынша үш айлық мерзімде жүзеге асырылды. Ал тағылымдамадан бұрын университет профессорларын еркін тындап, талқыға түсе алу үшін алты ай көлемде университеттің ағылшын тілі курстарына қатыстық.

Тағылымдама дәрістер түрінде

модульдік жүйе бойынша жүзеге асырылды. Онда Т. Макфадиев, Лиз Смиз, Алан Флойд, Карл Фуллер, Берри Билингслей, Энди Гудвен сияқты танымал профессорлардың дәрістерін тыңдауға мүмкіндік туды. Дәрістердің арасында зерттеу жүргізу, ментор мен коуч болу, мүмкіндіктері шектеулі оқушылармен жұмыс істеу сияқты қызық та пайдалы тақырыптар болды.

Бұл ретте университеттің ұйымдастырушылық шараларын да атап өткеніміз жөн сияқты. Әсіресе қысқа уақытқа жатақхана тауып беруі, университет кітапханасымен жұмыс істеуге арнайы маманды шақыртып, дәріс беруі, университетте болып жатқан мәдени шаралардың тізімімен үнемі таныстырып отыруы, тіпті, визаға байланысты ресми хаттарды тез арада даярлау сияқты іс-

шаралар өте жақсы жолға қойылған.

Сондай-ақ университет Басс, Оксфорд сияқты қалаларға апарып, тарихи орындар мен мәдени ескерткіштермен таныстырды. Оксфорд университеті профессорларының «Оксфорд: халықаралық университеті», «Жоғары білімнің Оксфордтағы болашағы» атты тақырыптардағы дәрістеріне қатыстық. Оксфорд қаласы мен Оксфорд университетінен алған әсеріміз мол.

Тағылымдаманың қорытындысы бойынша салтанатты түрде тыңдаушыларға аталмыш мамандық бойынша сертификат тапсырылды.

Осындай ізгі іс-шаралардың арқасында мол тәжірибе жинақтап, білім-біліктілігіміз артып, елге үлкен шабытпен оралдық. Нәтижесін өзіміздің білім саласындағы қызметіміз барысында жетілдіріп, толықтыра түсеміз деп үміттенеміз.

**А.А. МУСТАФАЕВА,**  
арабтану және ирантану  
кафедрасының доценті,  
«Болашақ» халықаралық  
шәкіртақысының иегері

# МАГИСТРЛІК БІЛІМ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Қазақстандағы білім беру реформаларының жалпы мақсаты білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімдеу болып табылады. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстанның білім беру жүйесі құрылымы, мазмұны, басқару мен қаржыландыру тетіктері бойынша дамыған елдер моделіне сәйкес келуді пайымдайды. Сондай-ақ білім беру жүйесінің дамуы бойынша Қазақстан ТМД елдері арасынан көшбасшылық орындарға шығып, 2020 жылға қарай білім беру жүйесі жоғары білім сапасы мен халықаралық индикаторлармен расталған адами капиталдың даму деңгейі түрінде нәтиже беретін болады деп күтілуде.

Қазақстан Республикасы Орта Азия мемлекеттері арасында бірінші болып еуропалық білім беру кеңістігіне өтті. «Университеттердің Ұлы хартиясына» 60 қазақстандық жоғары оқу орны, солардың ішінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қол қойды. Бүгінгі таңда жоғары білім бірыңғай үш сатылы құрылымға ие: бакалавриат-магистратура-докторантура (PhD) және өзінің құқықтық бекітілуін Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңынан табады.

**Г.Н. МҰХАМАДИЕВА,**  
ҚазҰУ-дың қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының оқытушысы

# «РУССКИЙ ЯЗЫК И ЛИТЕРАТУРА В УСЛОВИЯХ КРЕДИТНОЙ ТЕХНОЛОГИИ»

На факультете филологии, литературоведения и мировых языков состоялся республиканский научно-методический семинар «Русский язык и литература в условиях кредитной технологии», посвященный 80-летию КазНУ. В работе семинара приняли участие около 30 русистов, которые представляли разные вузы Алматы и Шымкента.

В своем выступлении на открытии семинара зав.кафедрой профессор Б.У.Джолдасбекова рассказала об истории проведения научно-методического семинара, вспомнила о человеке, стоявшем у истоков этого семинара, – докторе филологических наук, профессоре К.К.Ахмедьярове; также отметила основные направления научных исследований преподавателей кафедры русской филологии, русской и мировой литературы.

На пленарном заседании в докладе профессора КБТУ А.Б.Тумановой рассматривались вопросы контроля знаний, умений и навыков по русскому языку в техническом вузе. Докладчик подчеркнула, что правильно организованная работа по содержанию рабочих программ и сиλλαбусов, внедрение инновационных форм и методов работы, разработка комплекса параметров и критериев оценки компетенций студентов способствует повышению качества образования и мотивации к изучению русского языка.

Доцент Р.Д.Елибаева в своем выступлении затронула вопрос о видах и формах организации самостоятельной работы студентов в условиях кредитной технологии обучения русскому языку в Южно-Казахстанском гуманитарном институте имени М.Сапарбаева. Основным принципам обучения профессиональной речи студентов-юристов и культуры спора на занятиях по русскому языку были посвящены доклады ведущих доцентов кафедры русской филологии, литературоведения и мировых языков С.К.Сансызбаевой и Ж.С.Абаевой. И.И.Сапронова в своем сообщении предложила интересную методику – изучение текстов художественной литературы на занятиях РКИ в рамках курса «Язык делового общения», так как художественные тексты представляют собой неоценимый материал для обучения иноязычных речемыслительным процессам на изучаемом языке и овладению стратегиями адекватного восприятия текста.

Пленарное заседание было завершено выступлением профессора О.К.Абишевой, в котором была проанализирована региональная литература, имеющая набор различного рода идентификаций, аксиологию, антропологию. В обсуждении доклада принимали участие преподаватели факультета Г.З.Бектурганова, Н.К.Сарсекеева, И.И.Сапронова, Х.С.Мухамдиев, в заключение предложившие разработать спецкурс по региональной литературе для второй ступени обучения – магистратуры.

На научно-методическом семинаре были проведены мастер-классы: Личностно-ориентированный подход при организации и проведении самостоятельной работы по русскому языку в вузе (А.Б.Туманова - КБТУ); Языковое портфолио студента: из опыта работы преподавателя вуза (Э.Р.Когай - КазНУ); Из опыта работы над электронным учебником (Капасова Д.А. - КазНУ).

**Е.Б. ЧЕКИНА,**  
**Д.А. КАПАСОВА,**  
преподаватели кафедры русской филологии, русской и мировой литературы



# ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗҒА - 80 ЖАС!

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының профессоры, ауылшаруашылық ғылымдарының докторы, «Экология» халық академиясының академигі Жамалбеков Есбол Үсімбекұлы қара шаңырақ ҚазҰУ-дың құрдасы.**

Е.Ү. Жамалбеков 1934 жылы 17 мамыр күні ОҚО Түлкібас ауданы, Кершетас ауылында шаруа отбасында өмірге келді. 1951 жылы орта мектепті күміс медальмен бітіріп, сол жылы С.М. Қиоров атындағы ҚазМУ-дың биология-топырақтану факультетіне оқуға түсіп, 1956 жылы “топырақтану” мамандығы бойынша үздік бітірді.

Кең көлемде тың жерлерді игеруге байланысты топырақтанушыларға деген сұраныс көп болып, осы мамандықты бітірушілер түгелдей тың өлкесіне жұмысқа жіберілді. Тыңда жұмыс істеп, 1959 жылы ҚазССР Топырақтану институтына аспирантураға түсті. Ғылыми жетекшісі болып Одақта белгілі ғалым, мелиоративтік топырақтанудың негізін салушылардың бірі, а.ш.ғ.д., ҚазақҒА-ның академигі профессор В.М.Боровский тағайындалды. Сол жылдан бастап Е.Жамалбековтің негізгі ғылыми жұмысы осы институтпен байланысты. 1959-1963 жылдар аралығында Оңтүстіктегі шөл далада тұңғыш ұйымдастырылған “Мақта-Арал” кеңшарының топырақ-мелиоративтік жағдайын зерттеді.

1965 жылдың басында Е.Ү. Жамалбеков ҚазақҒА топырақтану, ботаника және микробиология институттарының біріктірілген Ғылыми Кеңесінде “Мақта-Арал кеңшарының топырақ-мелиоративтік жағдайлары және оны жасарту жолдары” тақырыбына ауылшаруашылық ғылым-дарының

кандидаты дәрежесіне диссертация қорғады. Одан кейін топырақтану институтына жаңа түскен өндірістік тапсырыс бойынша ол Маңғыстау түбегінің топырақ-мелиоративтік жағдайларын зерттеді, алыстан тасымалдауға шыдамайтын азық-түлікпен қамтамасыз ету және халық мекендеген жерлерді көгалдандыру мәселелерімен шұғылданды. 1966-1973 жж. Е.Ү. Жамалбеков аға ғылыми қызметкері ретінде Маңғыстау түбегіндегі зерттеу жұмыстарын жалғастырды. 1973 жылдан Топырақтану институтында жаңа ұйымдастырылған “Бүлінген жерлерді қайта құнарландыру” зертханасының меңгерушісі болып тағайындалды. Бұл саладағы ғылыми-зерттеу жұмыстары Маңғыстау өңірінен басқа Алматы, Оңтүстік, Шығыс, Батыс Қазақстан облыстарында өріс алды.

1992 жылы Е. Жамалбеков Маңғыстау өңіріндегі көпжылдық зерттеу нәтижелерін “Маңғыстау түбегінің жер ресурстарын мелиоративтік-экологиялық бағалау, тиімді пайдалану және қорғау” тақырыбына ауылшаруашылық ғылымдарының докторы дәрежесіне диссертация қорғады. 1995 жылы Е.Ү.Жамалбековке ҚазМУ-дың ғылыми кеңесінің ұсынысымен Қазақстан ЖАК-сы профессор ғылыми атағы берілді. География факультетінде Есбол Үсімбекұлы 1991 жылдан бастап ғылыми жұмысты ұстаздық жұмыспен

жалғастырып, сабақ бере бастады. Алғашқы жылдары доцент, 1995 жылдан профессор қызметін атқаруда. Өзі бітірген оқу ордасында ұстаздық ете бастаған кезден Есбол Үсімбекұлы студенттер мен магистранттарға екі тілде сабақ беріп, қазақ тілінің мемлекеттік тілге айналуына біршама үлес қосып келеді.

Е. Жамалбеков ҚазҰУ-мен Қазақ Ғылым академиясының География институты жанындағы біріктірілген география ғылымдарының докторы дәрежесін қорғау диссертациялық кеңесінің мүшесі (25.00.36 - геозкология) болды. Профессор Е. Жамалбековтің жетекшілігімен 3 кандидаттық диссертация қорғалды. Жеке және басқа авторлармен бірге 400-ден астам ғылыми еңбегі, оның ішінде 10 монография, 1 оқулық, 10 оқу құралы жарыққа шыққан.

Е.Ү. Жамалбеков Академия Президентінің Құрмет Грамотасымен екі рет, ҚазСР-нің Білім қоғамының, Қазақ табиғат қорғау орталық қоғамының Құрмет Грамоталарымен, 1970 жылы “Айбынды еңбегі үшін”, 1984 жылы ҚСРО-ның Халық шаруашылық жетістіктері көрмесінің қола, 1986 жылы “Еңбек ардагері”, 2004 жылы “Тыңға 50 жыл” медальдарымен марапатталған. Сондай-ақ «ОҚО Түлкібас ауданының құрметті азаматы» белгісі мен «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ үздік оқытушысы» атағын алған (2009).

Жоғарыда аталған еңбектерінің бәрін ескере отырып, университет басшылығының ұсынуымен ҚР Білім және ғылым министрлігі Жамалбеков Есбол Үсімбекұлын «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері»



белгісімен марапаттады. Әріптестері мен студенттер арасында сыйлы және беделді профессор Е.Ү.Жамалбековті 80 жастық торқалы тойымен құттықтай отырып, зор денсаулық, отбасына амандық, ұзақ ғұмыр тілейміз.

**Г.Н. НУСІПОВА,**  
география жерге орналастыру және кадастр кафедрасының меңгерушісі  
г.ғ.д. профессор  
**Ә.С. АҚАШЕВ**  
география жерге орналастыру және кадастр кафедрасының доценті,  
г.ғ.к.

## ТЕКТІЛІК ҮЛГІСІ

*Қазақта «текті» деген жақсы сөз бар. Бұл киелі қасиет тамыры тереңнен бастау алатын құнарлы топырақтан даритыны белгілі. Бұл ұғым - адамның байлығымен, дәрежесімен, дүниесімен өлшенбейтін, өмір сүру үрдісі де ешкімге ұқсамайтын, сырбаз адамдарға тән қасиет. Қарапайым киінгенімен, қарапайым өмір сүргенімен ондай адамдар пенделік ұсақтықтан аулақ, тірліктегі ұсақ-түйекке бас қатырмайтын, дүниеауи мәселелерге алатын уақытын қимайтын асыл адамдар. Олар айналасындағы тірлікке пайдана қарайды, таза жүреді, сырбаз сөйлейді. Бұл кірпіяздық кеуде кереген тәкаппарлықтан өзгеше, парасаттылықпен ұштасып жатқан рухы биік, жаны таза жандарда болатын қасиет. Бұл жердегі тазалық та – ар тазалығымен ұштасып жатқан әділдік пен туралықтың көрінісі. Сырбаздық салиқалы сөз, берік ұстаным, жайлылықтың ар жағында парасат пайымы жоғары талғампаз бейне бар. Міне, мен өз ұстазым туралы ойлағанда, ең алдымен, санама қылақ беретін ойлар осылар.*

Ұстаз – ардақты есім. Ондай қасиетті есімді арқалап жүрген адам қоғам алдындағы жауапкершілігі зор, ұрпақ алдында ұялмауы үшін, ертенгі күнгі ел алдындағы абыройына кір келтірмеу үшін қиын да қымбат жол – туралық жолда, шындық жолда жүрері хақ. Осындай ұстаныммен жүрген ұстазды қоғам қайраткері, ұлт жанашыры

деуге әбден болатындай. Таудай іс атқарса да, айқайлап айтпайтын, сырбаз мінезімен тиянақты еңбек етіп, қазақ әдебиеттануындағы ауқымды саланы игерген зерделі ғалым – Жұмат Жұмалыұлы Тілепов. Ұлттық мәдениетіміз бен асыл қазынамыздың негізі болған, сонау қиын-қыстау заманнан бергі қазақ әдебиетіндегі тарихи шындықты

шам алып іздеген зерттеулері – төл әдебиеттануымыздың құнды қазынасына айналды.

1969 жылы ҚазҰУ-ды бітірген соң, шығармашылық жолын ақындықтан бастаған Ж. Тілеповтің туындылары мерзімді баспасөзде, ұжымдық жинақтарда, сондай-ақ «Таң шапағаты» (1977), «Ерекше күн» (1978) атты поэзиялық, прозалық жеке кітаптарда жарық көрген. Кейін «Лениншіл жас», «Қазақстан коммунисті» журналында, «Қазақстан», «Жалын» баспаларында әуелі әдеби қызметкер, кейіннен редактор қызметтерін атқарып, 1978-1999 жылдары «Әдебиет және өнер институтының кіші ғылыми қызметкерінен бастап, бөлім меңгерушісі болды. «Ғылым» баспасының редакторы қызметін де осы жылдары қатар атқарған. Сол жылдарының бәрінде серігі – қаламы, ұстанымы – қазақ әдебиетіндегі асыл мұраларды іздеу, жазу, зерттеу, зерделеу болды.

Қазақ әдебиеттануындағы аты аңызға айналған ғалымдармен иықтаса жүріп, ұлт мәдениетінің жоғын жоқтап, барын түгендеген Жұмат аға аз тер төккен жоқ. Күрмеуі көп әдеби ахуалда тарихи шындықты анықтау – оңай шаруа емес екені белгілі. Саналы ғұмырын архивтерде, көз майын тауысып ақ қағазға үңілумен өткізу – оңай шаруа емес. Талмай ізденіп, ғылымға адал жүреппен әр күнін рухани салаға арнаған ағамыз, шын мәнінде, көкірегі кең, ізгі жан. Оны ғалымның жазбаларынан анық аңғарасыз.

Университетіміздің мерейтойымен тұстас келген ұстаз Жұмат Жұмалыұлын 70 жылдық мерейлі тойымен шын жүректен құттықтап, мықты денсаулық, шығармашылық табыс, отбасына аманшылық тілейміз. Ақиқаттың ақ туын желбіретіп, қазақ руханиятының жанашыры болып аранымызға ұзақ жүре бергейсіз!

**Жанна ӘДІЛХАНОВА,**  
ҚазҰУ-дың аға оқытушысы

## ЕҢБЕГІМЕН ЕЛІН КӨГЕРТКЕН...

*Жақында ҚазҰУ-дың эконимика және бизнес жоғары мектебі, заң, тарих және археология, философия және саясаттану, шығыстану факультеттері студенттерінің ұйымдастыруымен «Айналады нұрландыр!» жобасы аясында концерттік бағдарлама өтті. Кеш қонағы Қазақстан Ұлттық Академиясының академигі, заң ғылымдарының докторы, ҚР ғылымына еңбек сіңірген қайраткері профессор Сартаев Сұлтан Сартайұлы болды. «Ақылды, салмақты болсаң – еліңе ардақты боларсың» деген ой-толғауымен сөзін бастаған қайраткер өзінің еңбек пен тынбай ізденіс іретасы болған қызметкерлік жолының қалай басталғанын, алғашқы кезеңдердегі ел жағдайынан, осыған сай еңбек өтілінің өрбігендігінен шер толғатып жиналған өскекез жас студенттермен бөлісті.*

Академик «Ақиқат алдында – арлы адам ғана бас иеді», «Сөз бен ісіңнің алшақтығы болмасын, ауызың өтірік сөзге толмасын», «Шындыққа берік бол, ақыл сұрағанға серік бол» деген сияқты мақалдарымен жастарды шындыққа, туралыққа,

ақиқатқа шақырып, қазіргі қоғамның негізгі ауруы болып отырған менменшілдік пен тәкаппарлықтан сақтануларын өтінді. Кездесу студенттердің ғалымға қойған сұрақтарымен жалғасты. Сұлтан Сартайұлы Қазақстан Конситуциясының

қалай қалыптасқанын, қайнар көздерін, оны жазғанда қандай еңбектер мен құндылықтарды басшылыққа алғанын атап өтіп, келесі бір жауабында оның тұлға ретінде дамуына әсер еткен кітаптарды да атап өтті. Қазақ жазушылары Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы мен Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» тарихи трилогиясын қазақтың әр баласы оқуы тиіс екендігін және дәл осы кітаптар оны тұлғалық даму арнасына салғандығын баяндады.

Қайраткер ағаның жастарға тәлім-тәрбие беру мақсатында оқыған өлеңдерін тек жастар ғана емес ұстаздар қауымы да тамсана, тандана тыңдады. Қазақтың

алды болған азаматының ғылыми, саяси қызметімен қоса шығармашылық өнерді өз бойына жинақтауы оның қайраткерлік тұлғасын айқындайтын бірден-бір дәйек болды.

Кездесу соңы студенттердің қойған концерттік бағдарламасымен жалғасын тауып, өнерлі де өр жастардың мың бұралған биі мен әсем сазды ән-күйімен қорытындыланды.

Кездесу кешінен алған әсерлерін ұстаздар да жастар қауымы да тауысып жеткізе алмай тарқасты.

**Гүлбахрам ХОШАЕВА,**  
ҚазҰУ доценті, ф.ғ.к.



## СТУДЕНТТЕР МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Жуырда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, гуманитарлық факультеттерге арналған шет тілдер кафедрасының ұстаздары – З.М. Жанадилова, Г.Т. Окушева және ЭЖБЖМ студенттері Д. Жармұхамеди, С. Талап, Б. Миразимов, А. Утегенова, А. Олжабай Алматы қаласындағы №147 гимназияға барып қара шаңырағымыз - ҚазҰУ-ды таныстырып келдік. Мұндағы біздің мақсатымыз – 10-11 сынып оқушылары арасында үгіт-насихат жүргізу арқылы оларды жоғарғы оқу орнына оқуға шақыру.



Шара барысында ұстаздар университет және факультеттер жайлы жалпы мәлімет берсе, студенттер мектеп пен университеттің білім беру жүйесіндегі айырмашылықтары және өздері оқып жатқан жоғары оқу орындарындағы түрлі ұйымдар мен қоғамдық шаралар туралы толық мағлұмат беріп өтті. Сонымен қатар тек таныстырып қана қоймай ҚазҰУ-ға қатысты оқушыларға викториналық сұрақтар қойылды. Дұрыс жауап берген оқушылар әртүрлі сыйлықтарға ие болды. Шара соңында «ҚазҰУ – арман» атты видеоролик көрсетілді.

**Сымбат ТАЛАП,**  
ЭЖБЖМ-нің 1-курс студенті,  
**Алима УТЕГЕНОВА,**  
ЭЖБЖМ-нің 2-курс студенті

## ҰБТ-ҒА ҚАТЫСТЫ СЕМИНАР

Мен №60 жалпы білім беретін мектептің 11 сынып оқушылары арасында «Лексика грамматикалық бөлік бойынша тестіленушінің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру дағдылары» атты Ұлттық бірыңғай тестілеуді тапсыруға қатысты семинар өткіздім. Семинарға 11 сыныптың орыс бөлімінде оқитын оқушылар қатысып, тест тапсырмаларына қатысты өздерін алаңдатып жүрген сұрақтарын қойды.

ҰБТ-да, негізінен, лексика грамматикалық тест тапсырмалары қамтылатындықтан, негізгі мақсатым – тіл үйренушінің осы сала бойынша тұрмыстық, әлеуметтік тақырыптағы тілдік құрылымдарды дұрыс құрастырып, қатысымда қолдана алуын, сөйлеу біліктілігін жетілдіру, лексикалық қорын, грамматикалық білік-дағдыларын қалыптастыру, қазақ тілі грамматикасы туралы білімін дамыту негізінде тілдік құзыреттілікті қалыптасу деңгейін анықтау және бағалау болды.

Нәтижесінде оқушылардың тест тапсырмаларының сапасына әлі де болса алаңдайтыны байқалды.

Шындығында, оқушылар үшін үлкен маңызға ие, болашақ бағдарын айқындайтын тест тапсырмаларының сенімді, тексерілген, дистракторлардың қысқа да, нақты болуы, лексикалық минимумның оқу бағдарламасы көлемінен асып кетпеуі, тапсырманың түрлері терминдік атаумен емес, семантикалық мағынамен берілуі тілдік тұлғаның өзіне деген сенімін ұялататынын жадымыздан шығармауымыз керек.

**Салтанат ИМАНҚУЛОВА,**  
мемлекеттік тіл кафедрасының доценті, ф.ғ.к.

## ОҚЫТУШЫЛАР МЕН ОҚУШЫЛАР - БІРГЕ

Бүгінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, физика-техникалық факультетінің қатты дене физикасы және бейсызық физика кафедрасының оқытушылары Туенбаев О.К., Темирбаев А.А. Алматы қаласы М. Ганди атындағы №92 мамандандырылған дарынды балаларға арналған мектеп-лицейінің ұжымымен тығыз байланыста ғылыми жұмыс орындауда. Мысалы, 27 қаңтар мен 2 ақпан аралығында Ресейде Мәскеу облысы, Протвино қаласында фундаментальды ғылымға қызығушылық білдіретін, дарынды интеллектуальды балаларды қолдау, таңдау және іздеу мақсатымен «Компьютерлік физика» атты XVIII Халықаралық турнир өткен болатын. Осы турнирге Алматы қаласы М. Ганди атындағы №92 мамандандырылған дарынды балаларға арналған мектеп-лицейінің 11 сынып оқушылары бейсызық физика және электроника бөлімінің оқытушыларының жетекшілігімен ғылыми жобаман қатысып, жүлделі орындарды иемденді. Мектеп-лицейдің оқушылары Абу Әмірбек, Сұлтан Даканов және Ысмайыл Бөкейхан компьютерлік еңбек байқауының «Физика» бағыты бойынша II-ші дәрежелі дипломмен марапатталды.

**А.С. БЕЙСЕБАЕВА, Д.Ж. БУРИСОВА,**  
қатты дене физикасы және бейсызық физика кафедрасының оқытушылары

## КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУ МӘСЕЛЕСІ

Әлемнің екінші ұстазы атанған ұлы бабамыз әл-Фарабидің «Адамға ең әуелі білім емес, тәрбие керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деп айтқанындай, тәжірибеден оту барысында студенттердің міндеті оқушыларға білім беріп қана қоямен шектелмейді, сонымен қатар олардың тәрбиеге үлкен мән беруі, мектепшілік деңгейде өткізілетін түрлі қоғамдық іс-шараларға да кеңінен атсалысуы қамтамасыз етіледі.

Университет пен мектеп арасындағы байланыс, бір жағынан, студенттердің тәжірибе жинақтауына мүмкіндік берсе, екінші жағынан, мектеп оқушыларының университетпен етене жақын танысуына, осы орайда, университетіміздің болашақ студенттері болуына жағдай туғызар еді. Университетімізге оқушыларды тарту мәселесінде филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті, оның ішінде қазақ филологиясы кафедрасы оқытушы-профессорларының өз кезегінде үлкен үлестері бар. Мәселен, кафедра оқытушылары студенттеріміздің педагогикалық іс-тәжірибесі кезінде жыл сайын міндетті түрде мектеп оқушыларымен кездесу өткізіп тұрады. Бірақ бұл осы уақыт аралығында ғана жүргізіледі дегенді білдірмейді, мұндай кездесулер басқа да уақыттарда өткізіліп тұратынын айта аламыз. Мектеп оқушыларымен кездесу жаңа оқу жылында да жүзеге асырылды және ол М. Базарбаев атындағы №138 гимназияда, №81 мектеп-гимназияда өткізілді және ондағы мақсат жас ұрпаққа, яғни оқушыларға кәсіби бағдар беру болып табылады.

**Ә.Ж. ӘМІРОВ,**  
қазақ филологиясы кафедрасының доценті

## ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАМҚОРЛЫҚ ҚАЖЕТ

Университеттегі физика-техникалық факультетінің «Атамекен» патриоттар ұйымы Алматы қаласының қазақ-түрік лицейінде «Қоршаған орта және экология» атты тақырыппен тәрбие сағатын өткізді. Аталмыш мереке қоршаған ортаны қорғаудың өзекті мәселелерін, әр адамның қоршаған ортаны қорғауға ықпал ету ниетін оятуға арналды.

Жалпы, табиғатта тіршілік өніп-өседі. Бүгінде санасында сәулесі бар әрбір адамды туған жердің табиғатының тағдыры толғандыруы керек. Өкінішке орай, қазіргі таңда табиғатқа көңіл бөлінбей, жанашырлық танытылмай

отыр. Қорытындылай келе студенттер мен іс-шараға қатысушылар бір ауыздан жас ұрпақ табиғат қорғаны екеніне және де атадан балаға мирас болып келе жатқан табиғатымызды көздің қарашығындай сақтап, анамыздай аялап, келер ұрпаққа таза күйінде қалдыруымыз керектігіне келісті. Жалындаған жас патриоттардың «Жер-ана» ұранымен өткізген іс-шарасы мерекеге қатысушылардың көңілінен шығып, үлкен әсер қалдырды.

**Э.М. ЗУЛЬБУХАРОВА,**  
физика-техника факультетінің аға куратор-эдвайзері

## БҮГІНГІ СТУДЕНТ – ЕРТЕҢГІ МАМАН

Философия және саясаттану факультетінің «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығында білім алып жатқан 1-курс студенттері жуырда «Бөбек» ұлттық ғылыми-практикалық білім беру және сауықтыру орталығында болып, өздерінің болашақ мамандықтары бойынша көптеген мағлұматтар алып қайтты.

«Әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану мұғалімі» мамандығы біздің елімізде соңғы жылдары ашылған жаңа мамандықтардың бірі болып табылатындықтан студенттерді бұл мамандыққа дайындаудың алдына қойылатын талап та жоғары. Қазіргі жаһандану жағдайында өзін-өзі дамытып, өзін-өзі жарқыратып көрсете алатын әмбебап тұлға қалыптастыруда берілетін білім мен тәрбиенің адамгершілік құндылықтарға негізделуінде «Өзін-өзі тану» пәнінің алатын орны ерекше. Ендеше мектепке дейінгі білім беру мекемелерінен бастап, жоғары мектепке дейінгі білім беру құрылымында адамның өзін-өзі тануының барлық мәселелері жан-жақты қарастырылатын мекеме «Бөбек» ұлттық ғылыми-практикалық білім беру және сауықтыру орталығымен студенттерді бірінші курстан бастап таныстыра беру аса маңызды десек те болады. Біздің университет студенттерінің «Бөбек-2» қалашығында орналасқан обсерваторияға саяхатқа баруының мәні де осында. Кездесу сипатында өткен саяхатта студенттер, біріншіден, «Өзін-өзі тану» пәні бойынша көптеген мағлұматтар алып, өз мамандықтары туралы білімдерін толықтырса, екіншіден, жұлдызды аспан әлемімен танысуға мүмкіндік берген обсерваториядағы қызықты кездесу олардың таным көкжиегін кеңейте түсті.

Студенттер «Бөбек-2» мектеп-гимназиясының оқу корпусын аралап, өздерінің болашақта осындай мектепте жұмыс істеулері үшін жақсы оқып, нәтижелі білім алулары керектігін түйсінді.

**Б.А. ӘРИНОВА,**  
жалпы және этникалық педагогика кафедрасы, п.ғ.к. доцент,  
**С.А. РАМАЗАНОВА,**  
аға оқытушы

## КӘСІБИ БАҒДАР – БОЛАШАҚҚА БАҒЫТ

Қазіргі нарықтық қатынас еңбектің түрлерін де, мазмұны мен мақсатын да мүлдем жаңа бағытта өзгертті. Сондықтан да мектеп оқушыларымен және жастармен мақсатты түрде кәсіби бағдар беру жұмыстары жүргізілуі тиіс. Мемлекеттік тіл кафедрасының ұжымы осы жауапты да қызықты шараны жүзеге асыру мақсатында қала мектептерімен тығыз байланыс жасайды.

Жылда көктемнің иісі сезіліп, жер бусана бастағанда кафедра оқытушылары қала мектептерінің мектеп бітірушілерімен, олардың ата-аналарымен, мектеп ұжымымен кездесу, үгіт-насихат жүргізу шараларын өткізеді. Ақпан айының басында кафедра оқытушылары С. Иманқұлова, Н. Егізбаева, Ш. Рамазанова қаладағы «Орбита» ықшам ауданында орналасқан № 60 мектеп-гимназиясына барып, 11-сынып оқушыларымен кездесті. Оқытушылар мектеп оқушыларына әл-Фараби атындағы ҚазҰУ туралы, филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті туралы және осындағы мамандықтар, олардың қоғамдағы орны мен қажеттілігі туралы әңгімеледі. Оқушыларға университет жайлы арнайы буклеттер таратылып, презентация жасалды. Кездесу біткен соң Қазтест орталығының әзірлемешісі және сарапшысы болып табылатын С. Иманқұлова 11-сынып оқушыларына тест тапсырмаларының ерекшелігі мен құрылымы, мазмұны туралы «Лексика-грамматикалық бөлік бойынша тестіленушінің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру дағдылары» атты семинар өткізді. Ал кафедра доценті Н. Егізбаева «Тіл үйретуде қолданылатын инновациялық әдістер» деп аталатын мектеп мұғалімдеріне бағытталған әдістемелік семинар өткізді.

Сондай-ақ кафедраның Б. Рысбай, А. Нұртазина, Р. Өмірбекова секілді оқытушылары қаладағы №113 мектеп-гимназиясына және доцент Қ. Қарабаева, доцент Р. Өмірбекова, доцент Б. Омарова, доцент А. Аширова, аға оқытушы Г. Нұржігітова, аға оқытушы А. Нұртазина және ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультетінің 3 курс студенті «Сөз маржаны» студенттер клубының мүшесі А. Тоқтасынова Бостандық ауданындағы № 138 мектеп-гимназиясын аралап, мектеп оқушыларымен үгіт-насихат жұмысын жүргізді. Кездесулерде университеттің халықаралық беделі, ғылыми әлеуеті және материалдық-техникалық базасы туралы айтылды.

**А. Ж. ЖҰМАҒҰЛОВА,**  
мемлекеттік тіл кафедрасы меңгерушісінің оқу-тәрбие жұмысы бойынша орынбасары





# Дулаттың нәсер жырлары

*Дулат Бабатайұлының 1880 жылы Қазанда басылып шыққан «Өсиетнама» атты кітабындағы бірқатар өлеңдерді зерттеуші Қ.Өмірәлиев Шортанбай мен Шалдікі деп алып тастайды, осы көзқарасты Р.Сыздықова еңбегінде дұрыс көретінін атап өтеді (Қазақ әдеби тілінің тарихы, 2005, 165-б.). Бірақ 2001 жылы «Ғылым» баспасынан Дулаттың «Өсиетнама» деген атпен жарық көрген жыр кітабының алғы сөзінде жинақтың құрастырушылары: «Бұл жинақта 1991 жылы алғаш басылған «Замана сазында» (құрастырушы Қ.Өмірәлиев) алынатын тасталған құнды шығармалар қайтадан қалпына келтірілді. Жыраудың Ұлттық және ҚР ҰҒА-ның ғылыми кітапхана қорларында сақталған өлең нұсқалары бір-бірімен салыстырылып, толықтырылып берілді. ...Еңбек алғаш жарияланған нұсқасымен толық сәйкесетіндіктен, «Өсиетнама» деп атауды жою көрдік», – деп көрсетеді (Д. Бабатайұлы. Өсиетнама. – Алматы, 2001.4 бб.).*

Ауызша әдеби тілдің белгілері мен қазақ әдеби тілінің қалыптаса бастаған алғашқы кезеңдеріне тән дәстүрлі жыр үлгісінің белгілері Дулатта бірнеше түрде келеді.

Дәстүрлі жыр үлгісінің сілемдері Дулаттың адамның жас кезеңдерін суреттеуге арналған өлеңдерінде көп сақталған. Он бес, жиырма бес, отыз, отыз бес, қырық бес, елу, алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан, жүз жастың суреттері әр жасқа ақын берген бағадан, бағалаудан тұрады:

Он бес деген жас қайда  
Жарға ойнаған лақтай...  
...Жүз, сірә, мені қоймассың  
Қараңғы көрге құлатпай (63-б.)

Дулаттың риторикалық сұраулармен жазылған жырлары жыраулар мектебінің үлгісін терең меңгергенін әрі жыраулық дәстүр тамырының тереңге кеткенінің көрсеткіші:

Ер қанаты – жүйрік ат,  
Жүйрік демей, не дейміз.  
Бәйгеге қосып салғанда,

Озып бәйге алған соң? ( 99-б.).

Немесе: Ғәділ демей не дейміз? Төрені дұрыс берген соң (99-б.).

Дулаттағы алпыс алты айлалы; алты қару асынған; ашуланып қалмақтың түгі шықты сыртына; жарқ етті де, сарт етті; айбаты асып ерлердің, т.б. сөйлем-қолданыстардың, сөз тіркестерінің тегі фольклорда, батырлар жырында жатқаны даусыз.

Дулат – өлеңді өзіне дейінгі ақындардан бөлек, жаңа үлгі, жаңа қалыппен жазған ақын. Қазақ әдеби тілі тарихында ауызекі сөйлеу дәстүрімен қатарластыра жазба дәстүрді енгізген – Дулат. Мағыналары бір-бірінен алшақ, тіпті, бір-біріне жуыспайтын сөздерді тіркестіру арқылы жаңа поэтизмдер, жаңа образ жасаудың үлгісін алғаш ұсынған да, оның нағыз шебері дәрежесіне көтерілген де – Дулат. Бұл секілді ақынның дүниені өзінше таныуынан туындаған майдан даласында аяқ-қолы жайылып жатқан өлі денені өлімге мойынсұну деп суреттеу де Дулат тілінің құдіреттілігімен қатар

танымының тереңдігін байқататын тілдік факторлар. Дулаттың жүрекке байланысты қалыптастырған перифразы: Адамның жүрек сенімді, Сыр сақтайтын – тұрағы (83-б.).

Дулат – жазба дәстүрді орнықтырушы ақын. Жазу таңбамен, формамен байланысты. «Қағазға түскен сөз суретінде үлгілік, сурет формасымен көзге ұру, материал ретінде қолға өту, ұрпақтан-ұрпаққа өз формасында мұраға ауысу кезеңі туады. Дулат қаламды қолға алып, сөзін жазып шығарып, өлең сөздегі осы формашылдық дәуірді бастады (Қ.Өмірәлиев. Қазақ поэзиясының жанры және стилі.– Алматы,1983, 85-б.). Дулат өлеңдерінің формаға, қалыпқа түсірілгендігі 7-8 буынды өлең өлшеммен ауытқуынан байқалады. Дулаттан бастап қазақ өлеңдері тирадаларға (шоғырларға) бөлінетін болды. Әр шоғырдың соңғы жолдары бір-бірімен ұйқаса келіп, өлең тұтастығын тудыруы нағыз жазба әдебиеттің көрінісі. «Тегімді менің сұрасаң» деп аталатын өлең алты шоғырдан тұрады. Алдыңғы сегіз тармақ өлең жолы екі-екіден бөлініп өзара ұйқасқан (нуынан, буынан, суынан, жуынан), ал соңғы 10 тармақ ұйқастан бөлек сөзбен аяқталады. Ал келесі шоғырдың соңғы жолы осы сөзбен ұйқас құрайды. Әр шоғыр шағын бір идеяны білдіреді де, соңғы тармақтардың ұйқасуы арқылы өлеңнің тұтастығын қамтамасыз етеді. Бұл композицияны жазба поэзия талабынан туындаған тирадалық құрылым деуге болады.



Дулат, жазба әдеби тілдің негізін, қалаушы Абай, Шәкәрім тілдеріндегі көркем де күшті образды тіркестер шығыс өңірінің нағыз интеллектуалды ақындар мектебінің орталығы болғанын дәлелдейді.

**Бағдан МОМЫНОВА,**  
Ш.Уәлиханов атындағы

сыйлықтың иегері,  
филология ғылымдарының доктор,  
профессор,  
қазақ филологиясы кафедрасының  
меңгерушісі

## ДУЛАТ БАБАТАЙҰЛЫ ЖЫРЛАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

*XIX ғасырдағы «Зар заман» ақындарының іргелі көшін бастаған, Абайға дейінгі поэзия әлемінде өзіндік түр мен жаңаша дәстүр қалыптастырып, халықтың қамын ойлап, ұлттың мұңы мен қайғысын арқалаған арқалы ақын – Дулат Бабатайұлы.*

Дулат өзінен кейінгі әдебиет өкілдерінің алдыңғы шоқжұлдызы десек қателеспейміз. Ол әдебиеттің арналы ағымы саналатын «Зар заман әдебиеті» өкілдері – Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Әбубәкір Кердері, Албан Асан, Нарманбет Орманбетұлы сияқты әдебиет ақтаңгерлерінен жасы жағынан да, әдебиетке келу жағынан да алды болып саналады. Дулатты Қазақстанның Ресейге қосылу салдарынан қазақ даласында отарлау саясатының жүзеге асу нәтижесінде қалыптасқан жағдайға тұмсықтың да, тырнақтың да қаймықпай сын айтқан алғашқы жүректі ақындарымыздың бірі болды деп танимыз. Дулат ақын өзінен бұрынғы ақын-жыраулардың мұраларынан сусындап өскен, ақындық өнері ерте қалыптасқан. Өз халқының көне тарихы мен аңыз-әңгімелерін, батырлар жырларын өз толғауларына арқау етіп алды да, жыраулық дәстүрдің арнасын кеңейтіп, ақындық дәстүрге жаңа түрен салды.

Оның еңбектерінде адамдық құндылықтар, тәлімдік, тәрбиеленушілік сипат басымырақ болды. Ақшалы-тауар қатынасы күнделікті қазақ өміріне ентелеп кірген сайын, елдің үйреншікті дәстүрі бұзылып, беймәлім, таңсық, халыққа тұрпайы қатынастар орнай бастағанын уайымдаған Дулат ақынның бар мақсаты елдің санасына селкеу салып, ояту болды. Ол өз жырларында адамдардың адамгершілік қасиеттерінің жағымды және жағымсыз жақтарына жан-жақты

сипаттама берді, әсіресе жақсылық пен жамандықтың, ізгілік пен зұлымдықтың, жомарттық пен сараңдықтың, білімділік пен надандықтың арасындағы айырмашылықты ашуға тырысты.

Дулат Қазақстан жеріне еніп жатқан ақша қатынастарының халықтың салт-санасына, мінез-құлқына тигізген кері әсері жайлы былайша толғайды:

Қайран қазақ, қайтейін,  
Мынау азған заманда  
Қарасы-антқыр, ханы-арам,  
Батыры көксер басы аман,  
Бәйбіше-тантық, бай сараң  
Бозбаласы – бошалаң  
Қырсыға туды қыз балаң  
Ебі кеткен ел болды,  
Енді қайда мен барам?

Дулат осылайша патшалық Ресейдің қатып қалған тәртібін әшкерелеумен қатар, қазақ елінің сол бір елірме мінезімен жаңалыққа азғындауын, халықтың заманның азған торына түсіп қалғанын толғана жырлады.

Дулаттың «Сүлейменге» деген толғауында:

Батыр деме батырды,  
Шеп құрған жауға шаппаса,  
Төре деме төрені,

Ел тілегін таппаса, - деп, батырлардың ел, Отан алдындағы азаматтық борышы елін, жерін жаудан қорғау, осы жолда өз азаматтық міндетін адал атқарып, борышын өтесе батырлығына сын келмейтінін, ерлік ісінің жоғары бағаланатынын айта келіп, төреліктің, би мен бектің міндеті елін қорғай білу,



кездескен қиындықты жеңе білу, елдің адалын адал, арамын арам деп дұрыс төрелігін айту екенін Дулат тебірене бейнелеген.

Дулаттың келешек кемел ұрпаққа өсиет ретінде айтқан ғибратты жырлары өз құндылығын жоймай әлі күнге дейін мәні мұқалмаған. Себебі төмендегі өлең жолдарында айтылған ой түйіні бүгінгі ұрпақтың да санасына сәуле беріп, тәрбиелік қасиетін жоғалтқан емес.

...Балам саған айтқаным:  
Даңғыланбай шаруа жи,  
Албырттықты әсерлі  
Құрбыңа еріп көрме сый,  
Қолда барың қанағат,  
Қолда жоққа құмартып,  
Әуреленбе нәпсің тый.  
Әкеңнің айтқан аз сөзін  
Құтысына көңіліңнің  
Төгіп алма, дәлдеп құй, -  
деп Дулат әсерлі көркем өлең кестелерімен кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге,

тәлімдік-тәрбиелік мәні зор ақыл-кеңес береді, жас ұрпақтың бойында жағымды адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеуге шақырады.

Сұңғыла ақынның сырлы өлеңдері қалыпқа құйылғандай өз орнымен, жүйесімен өріліп отырады. Сол себепті де шығар ақын жырларының әсері де күшті. Бұл жағынан алғанда Дулаттың дәстүрін жалғастырушылар ақын өлеңінің көркемдік-мазмұндық сипатын өз өлеңдерінің түп қазығы етсе, тәрбиелік мәнін жырларының тұмары еткен.

Қазақ даласында әдебиет әлемінің марғасқасы саналатын Дулат өлеңдерінің бірнешеуін ғана алып өз сөзімізге арқау етсек, соның өзі бір бүтін байлыққа татитындай.

344

**Гүлбаршын ЫДЫРЫСБАЕВА,**  
филология, әдебиеттану және әлем  
тілдері факультеті  
1-курс магистранты

Бетті жүргізген әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кітапханасының кітапханашысы Шынар МҰҚАШЕВА

19 сәуірде ҚазҰУ-да Наурыз мейрамы тойланады



Университетіміздің физика-техникалық факультетінің студенті **Иманқұл Мұсат Париддинұлы** 1994 жылдың 1 наурызында ОҚО Спатаев ауылында дүниеге келген. Әкесі мен анасы мектепте ұстаз. Атасы Иманқұл сөзге шешен, батыл, батыр адам болған екен. Атасының шабыты келгенде қолына қалам алып, өлең шығаратын өнері болған. Әрине, сол өнер өзінің немересіне дарыса керек. Балалықтың ерке естеліктерін өлеңге қосып жүре келе, міне, бүгінгі таңда поэзия десе, ішкен асын жерге қоятын жандардың біріне айналған. Ол өзін өзгелердей сөзге бай, тілге шешен адам деп санамағанымен, жаратылысы поэзияға біршама жақын болғандықтан сырын ашатын, ең жақын досы поэзия деп таниды. Енді жас студентті ой мазалап, сабыт келіп, жүрегінде қаяу не қуаныш болғандағы өлең жолдарымен бөліссек...



ДОСЖАН БАЛАБЕКҰЛЫНЫҢ ФОТОСЫ

### Сырыммен бөлісем бір...

Мақсатпен алға қадам басып жүрмін,  
Арманның жетегінде өмір сүрдім.  
Орындалған сол уақыт армандары,  
ҚазҰУ-ма қадамды басып тұрмын.  
Көңілде ой қалғанды мына жалған,  
Күтеміз әр уақытта жақсы алдан.  
Сақталған көңілдегі бір сырыммен,  
Бөлісуге алдым мен қолға қалам.  
Әр бұрышы тарихи сырға толы,  
Әр адамның бағын ашар барша жолы.  
Білім, ғылым, өнерден нұр шашатын,  
ҚазҰУ-ым елдің мықты оқу орны.  
Қаншама қиын жолмен болды өткен,  
Білімі тау шыңындай көкке жеткен.  
80 жыл білім нәрін төгіп келіп,  
Сонысымен пендені бақытты еткен.  
Осы бір күні бөлінулі біраз саласы,  
Армандап жүрер елімнің барлық баласы.  
Әр уақытта да алатын төрден орны бар,  
Қандай екен, ҚазҰУ-дың мұрасының бағасы.  
Биыл, міне, сексенге келіп, қуанды қазақ баласы,  
Бір кездегі студент, болды елдің ағасы.  
Мақтанамын ҚазҰУ-мен әрдайым,  
Ол мен үшін елімнің тек дарасы.

### Пәк жүрекке сызат түсті сол түні... түеті сол түні...

Пәк жүрекке сызат түсті сол түні,  
Отырғанда қуанышты, көңілді.  
Бір-ақ минут арасында қарасаң  
Мұңайтатын жағдай болып көрінді.

Арман, мақсат бәрі сонда қалған-ды,  
Жүрек ашып, қызып тұрып жанған-ды.  
Пәк көңілдің ортасына дауыл кеп,  
Бәрін осылай сол күні бір бұзған-ды.

Лайланды жүрек ауырады, соғады,  
Көңілде енді із болып бір қалады.  
Көзден жасың шықпаса да жүректен,  
Тоқтамайды жас сауғалап барады.

Тілерім сол, қолдасын деп бір АЛЛАМ,  
Кімге, неге кінә іздеп мін тағам?  
Алдағы сәт жақсылыққа бастасын,  
Мендегі енді айтылатын көп арман.

### Сезім... махаббат... достық...

Жүрдім неге махаббаттың бағында,  
Ең сұлуы көрінген бір сағым ба?  
Бекер, бекер аштым сол бір есікті,  
Енді жүрек жалындап бір жануда.

Егіз алма көрінбеді көзіме,  
Жалғыз тұрса жармасыппын өзім де.  
Сезгенімде қояр едім тарс жауып,  
Әттең сонда білмей қалдым мен мүлде.

Сол махаббат бағына мен үңілдім,  
Мына бетте достық ағаш сен білгін.  
Сыңарлардың бірі осы ағаштан,  
Егізіне қосылғанда түсіндім.

Әттең, әттең болғанда ғой басқа бақ,  
Ойланбас ем дәл осылай бүгін нақ.  
Не айтамын бақыт атты құсты енді,  
Екеуіне тілеуім бұл нағыз хақ.

### Үміттерін ақтасам...

Бақыттымын ақтасам үміттерін,  
Әке-анамның арманын түсінгенім.  
Ер жетіп, қалағанын жасай алсам,  
Қуанып бір жадырап мен күлермін.

Арманым да мақсатым да қазір осы,  
Е, адамзат, басыма ақыл қосшы.  
Бәрі-бәрі оңынан болса деймін,  
Бақыт құсы келіп жатса маған тосшы.

Әлі есімде атамның ақ батасы,  
Мейірімді, нұр шашқан көз қарасы,  
Әлі есімде тойдағы сол бір тілек,  
Болдым әркез атамның бір баласы.

Үлкен үміт күтетін менен қатты,  
Дұрыс емес қимылдар қатты батты.  
Парызым, бар міндетім барлығының,  
Армандарын орындау ойда жатты.

Бір Алламнан тілеймін осы күні,  
Дұрыс жолда жүрейін деп әрбір түні.  
Толғандырар жайлар көп келешек пен,  
Өтіп жатқан өмірдің дәл бүгіні.

### Сол бір қайың...

Жел тұрғанда сынбасын ол бір қайың,  
Дауыл болса сол кездер маған уайым.  
Жапырағы жайқалып өсе берсін,  
Біліп отыр қайыңның сен жағдайын.

Көктем болса жайқалып кетер өсіп,  
Қайсыбір жан ары шыдап кетер кесіп.  
Жаз болғанда өзгеге пана болып,  
Бір-біріне жүреді жақсы десіп.

Күз болғанда төгіліп жапырақтар,  
Сонда да сұлу жүзін күтіп сақтар.  
Қыстың басы болғанда дауыл соқса,  
Көздерінен үзілген сол моншақтар.

Бірақ, бірақ қар жауса қуанады,  
Ұмыт болар басында жылағаны.  
Жылағаны сол кездер құлағаны,  
Сонда дағы ол қайың еш сынбады.

Білетіні түннен соң күн шығады,  
Қыстан кейін көктемнің тек болады.  
Көкте күн жарқырайды көркем қандай,  
Осылай нұрын шашып ол тұрады.

## МАСТЕР-КЛАСС ПРОФЕССИОНАЛА

Недавно на факультете журналистики проходил очередной мастер-класс от ведущего профессора Академии медиа индустрии России, журналиста и телеведущего Кипраса Мажейки.

Легкость общения и взаимодействия с аудиторией Кипраса Мажейки помогла всем участникам активно включиться в беседу. В начале своего выступления Кипрас Мажейка как человек с большим опытом работы в области отечественной и международной журналистики дал несколько советов будущим журналистам. Во-первых, каждому журналисту или пиарщику необходимо создать свой личный бренд. Собственный бренд, по словам Кипраса, важен для того, чтобы быть узнаваемым и отличительным среди других журналистов. Посетив 80 стран мира, Кипрас Мажейка заверил всех присутствующих, что необходимо больше путешествовать, для осведомления событий вне своей страны. Наличие Background(a) явилось следующим советом Кипраса Иозовича. Background- досье с материалами о той или иной сфере своих творческих интересов, на которые опирается журналист. Например, если журналист решил изучать все, что связано вопросами ЖКХ (жилищно-коммунального хозяйства), в своем Background(e) он должен иметь максимум информации по данной теме.

Мастер-класс К.Мажейки больше основывался на том, как правильно подготовить телевизионные сюжеты и программы. Для создания ТВ-сюжета или программы, по словам Мажейки, очень важно привлечь внимание телезрителя в первые 5 секунд. Если в течении этих 5 секунд вам не удалось заострить внимание зрителя, то больше его внимание вновь вам не удастся вернуть. Этим способом воспользовался и сам журналист. Буквально сразу внимание участников он заполучил своим хождением по аудитории, различного рода шутками. Возвращаясь вновь к ТВ сюжетам, Мажейка отметил, что начало всех сюжетов должно сразу же «цеплять» телезрителя своей неординарностью. Как отметил журналист, середина сюжетов напоминает приготовление «шашлыка», то есть, все просто, лаконично сплетается в одно целое. Ну, а конец сюжетов должен быть запоминающимся, иначе для чего проделывается столь тяжелая работа. Далее он показал теорию на практике. Им был показан ряд телевизионных репортажей из различных стран мира, таких как Брюссель, Италия и др. Профессионализм Мажейки перед камерой говорит о том, что есть с кого брать нам пример. Кипрас Иозович призывает всех будущих специалистов журналистики больше работать над собой, стараться быть мультимедийным журналистом. Умение общаться с аудиторией-весьма важный атрибут в профессиональной деятельности К.Мажейки. Во время своей лекции он старался охватить взглядом каждого. Казалось, будто он параллельно со своей речью изучает присутствующих. Возможно, с годами появляется такое качество журналиста. Кипрас Иозович заинтересовал практически всех. Чем больше начинающие журналисты встречаются и общаются с такими людьми, как К.Мажейка, тем больше шансов стать одним из них.

Салтанат КУСТАНОВА, 1-курс факультета журналистики



# ҚОС БАЙҚАУ ЖАС ЖҮРЕККЕ ҰШҚЫН БОЛЫП ҰЯЛАП, ЖАЛЫНДАЙ ЛАУЛАДЫ

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Ұлан» балалар мен жасөспірімдерге арналған газетінің қолдауымен 3-5 сәуір күндері баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының «Мобильді репортер» серпінді жобасы аясында дәстүрлі «Жас тілшілер» форумы, «Жас репортер» шоу-кейс фестивалі, «Медиаленд» интеллектуалды белсенділік күні өтті.**

Дәстүрлі шараның жас талант иелеріне берері мол. Журналист боламын деп армандаған жас жүрекке бұл шара үлкен құлшыныс береді. Өзінің болашақ мамандығына деген арман әлемін бір табан жақындатады.

Форум жеңімпаздарын арнайы құттықтай келген журналистика факультетінің деканы Өмірхан Әбдиманұлы: «Біз бүгін кереметтей ұшқынның куәсі болып отырмыз. Ендігі мақсат сол ұшқынды әрі қарай жалынға айналдыру. Журналистика армандаған ойларыңыздың жетістігі болатын. Өздерің озып шыққан бұл байқау – сендердің осы салаға деген армандарыңнан туған алғашқы үміттің жігері. Журналистика факультеті – дарындыларды ардақтайтын мекен. Бүгінгі өтіп жатқан байқау – сол мекенге жету жолындағы алғашқы баспалдақтың бірі. Барлығы да тек күреспен келеді. Былтыр біздің факультетке 90 грант бөлінді. Оның 45-і қазақ, 45-і орыс бөліміне берілді. Баспа ісі мамандығына сол гранттың 15-і, дизайнға – 10-ы бөлінген болатын. Бізде конкурс өте жоғары дәрежеде өтеді. Сондықтан талантты болыңыздар, білімді болыңыздар, армандай біліңіздер және әрқашан биікке ұмытылыңыздар!» – деп жас талапкерлерге ағалық ақылын айтып, жігер берді.

Ал, ҚазҰУ өкілі Бақытжан Сапаров: «Оқушыларға кәсіби бағдар беруде журналистика факультетінің белсенділігі жоғары. Бүгінгі форум да сол үденің биігінен көрініп отыр. Алдарымызда отырған республиканың түкпір-түкпірінен келген оқушыларды көріп, олардың таланты мен талабына қарап ерекше қуанышта отырмын. Осындай қазақтың жас толқындары көбейе берсін!» – деп жылы лебізін білдіріп, оларға ҚазҰУ-дың жетістіктері мен инновациялық мүмкіншіліктерін түсіндірді.

Форумда сөз алған баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының меңгерушісі



Гүлмира Сұлтанбаева: «Бүгін өткізіліп отырған «Жас тілшілер» форумы, «Жас репортер» шоу-кейс фестивалі – сіздердің осы мамандыққа деген қызығушылықтарыңызды арттыра түсетін шаралар. Әлемде ең қауіпті мамандық қандай екенін білесіздер ме? Олар екеуі: біріншісі – журналист, екіншісі – аспазшы. Журналист – өмірдің ыстығында жүрсе, аспазшы – асхананың ыстығында жүреді екен. Ал журналистика – шын мәнісінде құрметті мамандық», – деп журналистика мамандығының бағасын беріп, жас толқынға бағыт берді.

«Ұлан» республикалық балалар мен жасөспірімдерге арналған газетінің бас редакторы Бағдат Мәжитов: «ҚазҰУ-ға келген қадамдарыңызбен құттықтаймын! Дәстүрлі байгемізге көптеген жұмыстар түсті. Сіздер қазірден «Кім боламын?», – деген мәселені шешіп қойыпсыздар. Мен соған қуанамын. Біздің байқауға қатысып отырған жеңімпаздарымыз – ертеңгі қарашаңырақтың студенттері болатынына сенімдімін. Байқау жас толқыннан мықты журналистерді анықтайды. Біз сүзгіден өткізген әрбір жеңімпазымыз осы салаға биік-биік шыңдарын бағындырып жүр. Біз сол үшін де қуаныштымыз. Қасиетті қарашаңырақ ҚазҰУ-мен жыл сайын бірлесіп осындай шара өткізіп отырсақ, ол шынайы

бапкерлер достығын көрестеді», – деді.

Сонымен, 130-дай жұмыс келіп түскен «Журналист болғың келе ме?» байқауында қызылордалық Бақытжан Отарбаева, алматылық Думан Смақов, Тоғжан Ұлан, Ажар Сейдазимова, Әйгерім Жақсылық, Жамал Жақсытай, Жадыра Бағашар, шығысқазақстандық Меруерт Құсайын, Аяулым Өмірбаева, Нұрқызы Мырзаханова, жамбылдық Гүлнұр Науан, ақтөбелік Ұлдана Қанашева, шымкенттік Фариза Мархан, ақмолалық Қуаныш Махметов, атыраулық Нұргүл Қалимолда, қостанайлық Анар Әжіғалиевалар биылғы форумның жеңімпаздары болып, оларға университет тарапынан сый-сыяпат жасалды, арнайы дипломдар табысталды. Байқау жеңімпаздарының шығармаларына журналистика факультетінің ассоциир профессоры Клара Қабылғазина, «Ұлан» газетінің бас редакторы Бағдат Мәжитов, Мемлекеттік балалар басылымдарының «Жас өркен» ЖШС веб-сайтының редакторы Серікбол Хасан қазылық еткен болатын.

Сондай-ақ келесі «Жас репортер» байқауына келіп түскен материалдардың иелері де бұл күні марапатқа ие болды. Баспасөз және БАҚ кафедрасы және «Әл-Фараби» арнасы мен «Әл-Фараби» Интернет-радиосының ұйым-

дастыруымен өткен байқауға еліміздің барлық аймақтарындағы дарынды оқушылар қатысып, сол жас толқынға барынша қолдау көрсетілді. Байқау жеңімпаздары үздік видеосюжет, үздік аудиорепортаж, үздік фотоэтиюд, үздік инфографика номинациялар бойынша марапатталды. Байқауға қатысушыларға тақырыптың өзектілігі, кәсіби шеберлік және ұтқыр ой, ұшқыр қиял басты шарт болып қойылған болатын. Сонымен, осы үдеден шыққан байқау жеңімпаздары болып Шырын Сарымбекова, Аян Қуаныш, Дана Маратова, Нартай Жеңісхан, Жұлдыз Тілебалды, Арайлым Шақенқызы, Айша Рахтай, Жамал Жақсығайлар арнайы дипломдармен марапатталды.

Аталған қос байқаудың оқушылардың жүрепінде жатталып қалары сөзсіз. Талант пен талғамын бір арманның бойына ұштастыра білген жас буын талапкерлерді көріп, қазақ журналистикасына тағы бір леп қосылып келе жатқанына еріксіз сүйсіндік біздер. Осындай жігер оты лаулаған жастарымыздың мамандыққа деген шынайы бал көңіл армандары тоқтамай, өрлей түссін деген ізгі көңілмен байқау салтанатынан ерекше көңілде тарастық.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

## СПОРТИВНАЯ СПАРТАКУАДА В ЧЕСТЬ 90-ЛЕТИЯ У.Х. ШАЛЕКЕНОВА

Недавно в спортивном комплексе КазНУ прошли спортивные соревнования среди студентов факультета истории, археологии и этнологии в честь 90-летнего юбилея старейшего преподавателя кафедры Шалекенова У.Х.

Жизнь и деятельность Уахита Хамзиновича Шалекенова достойно подражания. Ученый, педагог, ветеран войны и труда КазНУ, который и поныне трудится на благо университета.

Вся его жизнь - замечательный и нелегкий путь человека с большой буквы. Светлый живой ум, сердечность,

ответственность и неиссякаемый интерес к науке.

Самое ценное, что есть у человека, - это жизнь, а самое важное в его жизни - здоровье. Быть здоровым - природное стремление каждого, а формирование, сохранение и укрепление здоровья остается актуальной проблемой и предметом первоочередной важности для молодежи.

Студенты факультета с удовольствием приняли участие в спортивной спартакиаде. Роль спортивных соревнований в обучении отражается тем, что они позволяют закалять дух,

развивают организаторские способности и в целом формируют человека. Спортивное соревнование - это что-то вроде конкурса на измерение сил и умений. Эти игры позволяют развивать интеллектуальные и физические способности. В более широком понятии, спорт - это активный образ жизни.

Соревнования начались с презентаций названия и девиза команд. Наши студенты соревновались в перетягивании каната, поднятии 16 кг. гири, дартс и эстафете для девушек.

В соревнованиях за звание «Победителя» приняли участие 4

команды по 6 человек: «Номады», «Алаш», «Кыран», «Скиф».

Кубок победителя и главный приз получила команда «Кыран», 2-ое место заняла команда «Алаш», 3-ое место «Номады».

**ОРГАНИЗАТОРЫ:  
С.Х. ШАЛГИНБАЕВА,**

доцент кафедры археологии, этнологии и музеологии, к.и.н.,  
**Ж.М. ТЕРЕКБАЕВА,**  
старший преподаватель кафедры археологии, этнологии и музеологии

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Бас редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА  
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА  
Тілшілер: Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА, Ақмарал ҚУАНЫШЕВА  
Дизайнер – Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ  
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА

**МЕКЕНЖАЙЫ:**

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.  
Электронды мекенжай: kazuniver-gazeti@mail.ru  
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
“Гамма-принт” баспаханасында (Райымбек даңғылы, 369) басылды.  
Тел.: 8 (727) 247-98-30, 247-98-31

**Бағасы келісім бойынша. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 470**

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.